

«Tugstunap» балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңес
2022-2023 оқу жылы
Хаттама №2

Өтілген күні: 11.10.2023 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс- әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата–аналар жиналысын өткізу барысы.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты өз дәрежесінде уақытылы ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1 –мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен оқу қызметінен тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбекету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі баладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді сугару, айналасын сұрту, түбін копсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 –мәселе бойынша әдіскер топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеті жоспарларының уақытылы бекітілетіндігін айтты.

3 –мәселе бойынша балабақша мейірбикесі 2023–2024 оқу жылының қыркүйек айында әр топ ата– аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әр түрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тұмаудың алдын алу» тақырыбындағы баяндамасын. 4 топқа оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек екенін айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егу екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отыратындығын және балабақшаға әкелер кезде жолы вакцина егу екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет.

кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналған

«Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

4-мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін Бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Ұйымдастырылған іс- әрекет тәрбиешілердің күнделікті жазылатын циклограммаларын бекітіп, ұйымдастырылған іс- әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Ұйымдастырылған іс- әрекеті процесіне қатысқандығы туралы айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығы бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан ояңған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылсын.*
- 2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс- әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымша инновациялық жоспарлар жасалынсын.*
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.*
- 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша Мейірбикесі және әдіскері болып табылсын.*

Кеңес төрайымы:
Хатшы:

Өміргалиева А.Б.
Сапа А.Н.